

«Өркен» балалардың әл-ауқатын
арттыру ұлттық ғылыми –
практикалық институты»
КеАҚ президентінің
2025 жылғы 03.09
№ 136 Н/Қ
бұйрығымен бекітілді

«МЕНИҢ СЫНЫБЫМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Аталған Ереже «Менің сыныбым буллингке қарсы» республикалық челленджінің мақсаттары, міндеттері, өткізу тәртібі және қатысу шарттарын анықтайды (бұдан әрі- Челлендж)

1.2. Челлендждің ұйымдастырушысы – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3. Челлендж балалар, жасөспірімдер және жастар арасындағы буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың алдын алу шеңберінде, Қазақстан Республикасының орта білім саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау аясында өткізіледі. Бағыты: «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық қолдау».

2. Мақсаттар мен міндеттер

Мақсаты – оқушылардың физикалық және психологиялық қауіпсіздік мәселелеріне саналы түрде қарауына көңіл аударту. Іс-шара балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал етуге, сондай-ақ оларды достыққа, өзара түсіністікке және бір-біріне қолдау көрсетуге ынталандыруға бағытталған.

Міндеттері:

- ✓ балалар мен жасөспірімдерде буллингтің және зорлық-зомбылықтың кез келген көрінісіне қарсы теріс қарым-қатынас қалыптастыру;
- ✓ оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың буллингтің түрлері мен салдары туралы ақпараттандырылу деңгейін арттыру;
- ✓ өскелең ұрпақты әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту арқылы заманауи форматтарды қолдану (бейне, посттар, шығармашылық іс-шаралар);

- ✓ мектеп ортасында өзара құрмет, қолдау және достық мәдениетін насихаттау.

3. Қатысушылар

3.1. Челленджге жалпы орта білім беретін ұйымдардың оқушылары және сынып жетекшілері қатыса алады. Іс-шараға бір оқушы да, бүкіл сынып та қатысуы мүмкін.

4. Өткізу форматы

4.1. Челлендж онлайн және офлайн форматтарда өткізіледі.

4.2. Қатысушыларға бір немесе бірнеше тапсырманы орындау ұсынылады:

- ✓ *Бейнеүндеу.* Қатысушылар қысқа бейнежазба (1 минутқа дейін) дайындайды, онда буллингке қарсы үндеу жасалады, жеке оқиға немесе сыныптастарға қалай қолдау көрсету жөніндегі кеңес беріледі.
- ✓ *Жақсы пост / плакат.* Достық, құрмет және қолдау тақырыбында сурет, цифрлық постер немесе комикс жасау.
- ✓ *Қолдау сөздері.* Қатысушылар қағаз бетіне позитивті сөз немесе сөйлем жазады («Сен маңыздысың!», «Мен қасындамын!», «Үндемей қалма!») және жалпы фото немесе видео жасайды.
- ✓ *Буллингсіз тарих.* Анонимдік жазбаша әңгіме: қалай көмектестім, қалай жеңдім, қандай сезімде болдым. Ең үздік оқиғалар әлеуметтік желілерде жарияланады.
- ✓ *Онлайн сауалнама / чек-лист.* Қысқа анкета толтыру: «Досыма қалай қолдау көрсете аламын?» → ізгі істер картасын жасау.

4.3. Жұмыстар институттың әлеуметтік желілердегі парақшасын белгілеу арқылы мектептің жеке парақшаларында жарияланады (Instagram: [orken_institut](https://www.instagram.com/orken_institut/); Facebook: https://www.facebook.com/Orkeninstitut/?locale=ru_RU Orkeninstitut), [#МояШколаПротивБуллинга2025](https://www.facebook.com/Orkeninstitut/?locale=ru_RU) және [#МеніңМектебімБуллингкеҚарсы2025](https://www.facebook.com/Orkeninstitut/?locale=ru_RU) хэштегтерімен жариялайды.

5. Шарттары

5.1. «Менің сыныбым – буллингке қарсы» челленджінің материалдары келесі идеяларды көрсетуі тиіс:

Позитивті баламалар: балаларға достықтың, достық қарым-қатынастың, сыныптағы достық атмосфераның, бірлескен шығармашылық қызығушылықтардың мәні мен маңызын түсіндіру, бұл сыныптағы психологиялық тұрғыдан салауатты атмосфераға ықпал етеді.

Буллингтің қаупі туралы хабар: музыкалық-балет композициясына мәтіндік хабар немесе плакат енгізуге болады, онда буллингке қарсы теріс қарым-қатынас көрсетіледі және кез келген зорлық-зомбылық пен қысым түрлерінен бас тартуға үндеу бар.

Шығармашылық-креативті тәсіл: идеяны ерекше, креативті, көрнекі және символикалық түрде жеткізу.

Болашақты позитивті көру: материалдарда буллингсіз салауатты болашақ пен бақытты өмірді көрсету элементтері болуы мүмкін. Материалдар балалардың бір-біріне және өз ортасына деген достық, позитивті қарым-қатынас маңызын және буллингтің қаупін жеткізе алуы маңызды.

6. Өткізу тәртібі

6.1. Челлендж *2025 жылдың 10 қыркүйегінен 18 қыркүйекке* дейін өткізіледі.

6.2. Аталған Ереже оның бекітілген сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

6.3. Ұйымдастырушылар челленджді өткізу шарттарын нақтылау және толықтыру құқығын өзінде қалдырады.

6.4. Челлендж аяқталған соң, әлеуметтік желілердегі барлық жарияланымдарға сілтемелер көрсетілген есептер қалыптасып, белгіленген формаға сәйкес Білім басқармасына 20 қыркүйекке дейін жіберіледі.

ЧЕЛЛЕНДЖ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДЫ ҰСЫНУ ҮЛГІСІ

| № | Мектептің атауы | Қатысушылар саны | Әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға сілтемелер |
|---|-----------------|------------------|---|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |